“БАЛДӘУРЕН” - ТЫНЫСЫ

№14 9 ауысым 24 шілде 2022 жыл (ауысым сайын)

Балалар мен жасөспірімдер журналы

«Дыбыс толқындары» ұлттық аспапшылардың мега- жобасы

БОСЫМБАЕВ Даурен Абдикаримович,
«Балдәурен» РОСО филиал директоры.
Түркістан облысы, Төлеби ауданы

Балдәурендегі жазғы демалыс

Қас қағым сәтте шілде айы да келіп жетті. Жаз мезгілі – балалардың асыға күтетін мерейлі маусымы. Жаз маусымы басталысымен оқушы қауымның арманына арқау болатын демалыс орындары да есіктерін айқара ашады. Осы уақытта «Баламның демалысын қалай ұйымдастырғаным дұрыс? Қайтсем балам үшін тиімді болмақ? Балам үш ай бойы теледидар мен компьютердің алдына жіпсіз байланып отырмауы үшін не істеуім керек?» деген секілді сұрақтардың туындайтыны анық. Осы сұрақтардың жауабы ретінде біздің орталықта ұйымдастырылатын жазғы демалыстың өткізу жолдарын ұсынамыз.

1) Уақытты тиімді, әрі үнемді пайдалану үшін әр күннің жеке жоспары жасалынған.
2) Әр күні 6 мезгіл дәмді ас дайындалады. Оның үшеуі негізгі, үшеуі қосымша.
3) Баланың бос уақытының тиімді өтуінің негізі болатын түрлі қызығушылық үйірмелері жұмыс жасайды.
4) Төлеби ауданында орналасқан киелі мекендерге өлкемен таныстыру мақсатында ЭКОТУР ұйымдастырылады.
5) Туризм мен спортты насихаттау мақсатында «Turstar» жаяу туризм мен «Тауға саяхат» әр ауысым сайын өткізіледі.
6) Жаз мезгілінде «Бассейн» ССТМ өткізілсе, қыс мезгілінде «Сырғанақ» ССТМ болады.
7) Орталығымыздың аумағында орналасқан Тоғыс өзенінің бойындағы «Сарқырамаға» жыл бойы оқушыларды алып барып, әсем табиғаттың көрінісіне күә болады.

Қазақстан бойынша жыл 12 ай үздіксіз өз жұмысын атқаратын «Балдәурен» Республикалық оқу-сауықтыру орталықтарының кез-келген филиалына балаларыңызды жіберуге кеңес беремін. Демалыстарының қызықты, әрі тиімді өтуіне уәде беремін!

ЕРНАЗАРОВА Айнұр Шүкірқызы,
«Балдәурен» РОСО филиалының
ұйымдастырушы-ұстазы.
Түркістан облысы, Төлеби ауданы

Қызықты үйірмелер - Балдәуренде

«Балдәурен» - атының өзі айтып тұрғандай, балалық шақтың бал дәурені. Қазақстан Республикасы бойынша 4 орталығы бар бұл демалыс орнының еліміздегі балалардың өмірінен алар орны ерекше. Жалпы жыл сайын 16 ауысымда балалар келіп, 20 күндік өзінің демалыстарын қызықты өткізеді. Біздің орталықтың басты ерекшелігі – орталыққа келген әр баланың әрбір күнін ойынға, сабаққа, үйірмелерге және де сауықтыру шараларына бөліп, өмірінің қайталанбас естеліктеріне айналдыру. Бала сабақ оқып, ойнап қана қоймай сауығып та үлгереді. Әр ауысым сайын 260-тан астам бала келеді. Ауысым барысында әр бала өзінің ерекше қабілетіне қарай түрлі қызығушылық үйірмелерге қатыса алады.

Үйірме – баланың бос уақытының тиімді өтуінің негізі болып табылады. Орталығымызда ауысым демалушыларына арналған «Қол өнер», «Алтын ине», «Жайдарман», «Құм терапиясы», «ART hause», «Мобилография», «Журналистика», «Үстел үсті ойындары», «Волейбол», «Футбол», «Бокс үйірмес» және т.б қызығушылық үйірмелері жұмыс жасайды. Жыл мезгілдеріне қарай үйірмелер де өзгеріп отырады. Бала жаз мезгілінде дала ойындарына қатысса, қыста «Сырғанақ», «Шаңғы тебу» және т.б үйірмелерге қатысады. Балалар сабақтан бос уақыттарына өздері қалаған үйірмелеріне қатысып, уақыттарын тиімді өткізеді. Бір үйірмеден екінші үйірмеге ауысуға тыйым салынады.

Үйірмелер қорытындысы ретінде ауысым соңында балаларға қатысқан үйірмелерінің жеке сертификаттарын табыстайды. Орталыққа келген әр баланың бос уақытын тиімді өткізуіне барлық жағдай жасалынады.

«Бақыт аралында» танысу кеші

Алақай, балалардың арман аралы болған «Балдәурен» өзінің сүйікті демалушыларымен жүздесті. Толықтай техникалық-қауіпсіздік ережелерін ұстанып, жаппай медициналық тексеруден өтіп, жас ерекшеліктеріне қарай топтар құрылып, психологиялық сауалнамалар толтырылып, орталықтың дәстүрге айналған ережелерімен, өзінің сүйікті ұйымдастырушы-ұстаздарымен таныстыру мақсатында «Бақыт аралында» танысу кеші болып өтті. Орталықтың айнымас заңдарымен, қатаң қағидаларымен оқушыларды таныстырды. «Оң қол» заңы, «Сол қол» заңы, «Асхана ережесі», «Twix» заңы, және т.б орталық ережелерімен таныстырып, сол заңдарға бағынып, ішкі тәртіпті ұстануды талап етті. Кереметтей кеште түрлі ойындар ойнатылып, ұйымдастырушы-ұстаздармен бірге ән шырқап, би биленді.

«Сенім» ұйымының президентімен танысу

Жүзден-жүйрік, мыңнан-тұлпар, шын жүйріктер сыналатын күн. Өзін осы уақытша құрылған ортада көшбасшы, өзінің бойындағы даралығымен дараланатын, сөзі-ісіне сай, өзін президенттікке үміткер ретінде ұсынған балалар өздерін көпшілікке таныстырып, 15 күндік демалыстың қызықты әрі тиімді өткізу жолдарымен бөлісті. Әр топтан бір-бір оқушыдан қатысты. Балдәурендіктерге үміткерді таңдау қиынға түсті. Себебі, бұл орынға барлық қатысушыларымыз әбден лайықты еді. Сонда да сайыстың аты – сайыс. 9-ауысымның «Өзін-өзі басқару ұйымында» президент кім болғанын ауысымның ашылу салтанатында білетін боламыз.

«Балдәурен толқынында!» топ визиткасын қорғау кеші

Топ визиткасын қорғау кеші ең алғашқы болып топпен өткізілетін іс-шаралардың бірі. Бұл кеште балалар өздерінің тобының ұйымшылдығы мен татулығын, ынтымақтастығы мен өнерін көрсететін бірден-бір көңілді кеш. Кешіміз өте қызықты болды. Топтар қызу дайындықпен келген. Әр топтың өзіне тән аты, санамағы, ұраны және әні болады. Кештің тақырыбына сай әр топ өзінің қызықты аттарымен, ұранымен, санамағымен таныстырып, топпен бірге әнін шырқады. Бір топ сахнаға шыққанда келесі топ оларға қолдау көрсетіп, қошеметтеп отырды. Топ визиткасын қорғау кешінің жеңімпазы «Ең үздік топ» номинациясын 3-топ жеңіп алды.

2022 жылдың 9-ауысымының ашылу салтанаты

Міне, бүгін шілде айының 13-жұлдызы күні орталыққа келген балалардың нағыз «Балдәурендіктер» атанатын сәті – ауысымның ашылу салтанаты да болып өтті. 9-ауысымның «Өзін-өзі басқару ұйымында» 8-топ демалушысы Балқыбек Нұрлыбек 36,7% дауыс жинап, ауысым президенті атанды. Республикалық, облыстық, аудандық жас аспапшылар байқауларының жеңімпаздарының басын қосқан бұл ауысым «Дыбыс толқындары» ұлттық аспапшылардың мега-жобасы деп аталынып, ауысым барысында осы тақырып аясындағы түрлі іс-шаралар мен көңілді кештер күтілуде. Балдәурендіктерді нағыз – «Балдәурендіктер» болғанымен құттықтаймыз!

«Жастар» педагогикалық тобымен танысу кеші

Мен сенемін жастарға,
Алаш атын аспанға,
Шығарар олар бір таңда.
Мен жастарға сенемін! – деп Мағжан Жұмабаев атамыз жырлағандай орталығымызда әр ауысым сайын «Жастар» педагогикалық тобымен танысу кеші болады. Кеш барысында ұйымдастырушы-ұстаздарымыз әсем ән айтып, ырғақты би билеп, кереметтей кештің сәнін кіргізетін қойылым көрсетеді. Бұл кеш оқушыларға өзінің ұйымдастырушы-ұстаздарын жаңа бір қырынан тануына септігін тигізеді. 9-ауысымның «Жастар» педагогикалық тобымен танысу кеші өте көңілді, жоғары деңгейде болып өтті.

«Сегіз қырлы, бір сырлы» шығармашылық байқауы

Енді ғана қалыптасып келе жатқан баланың бойындағы талантын, шығармашылығын аша білу де оңай емес. Оған қашан да қолдау көрсету керек. Баланың мінез-құлқына сай оның әртүрлі қабілеті де болады. Дұрыс бағыт-бағдар беріп, баланың шабытына-шабыт қосу ұстаздың еңбегі. Бүгінгі байқау кешіміз де әр баланың жеке қабілетін анықтауға, өздеріне деген сенімділіктерінің күшеюіне арналады. Балалар өз қабілетіне байланысты топтарға топтастырылып, түрлі шығармашылықтар бойынша сынға түсті.

«Домбыра Party» кеші

Ұлттық рухты күмбірлеген күйден артық көтеретін дүние кемде-кем. Халқымыздың көрнекті ақыны Қадыр Мырза Әлі жырлағандай: «Нағыз қазақ – қазақ емес, нағыз қазақ – домбыра».

Біз ұлттық аспабымыздың бүкіл әлем мойындаған мәдени құндылыққа айналғанын мақтан етеміз. Атадан балаға аманат болған осындай асыл қазынамызды қадір тұту – бәріміздің қасиетті борышымыз.

Шілде айының 18-жұлдызында орталығымызда "Домбыра Party" кеші болып өтті. Кеш барысында қос ішекті аспаптың қыр-сырын жетік меңгерген оқушыларымыз өнер көрсетті. Түрлі әндер шырқалып, күйлер тартылды. Кеш барлық балдәурендіктердің көңілінен шыққанына сеніміміз мол!

«Әнге Like»— музыкалық шоу

Қай кез болмасын, әр әннің өз тыңдарманы болған. Жүректен шыққан ән жүректерге жетіп, тыңдаушысын елітіп, ынтықтырған. Әннің бағын ашатын әнші болса, әншінің бағын ашатын, өз даусына сай келетін ән екенін баршамызға анық. Бүгін орталығымыз да оқушылардың әнге деген қызығушылығын арттырып, ұмыт болып баражатқан әуендер мен халық әндерінің, және де аспаптардың қасиетін ұғындыра отырып, өнерді құрметтеуге тәрбиелеу мақсатында «Әнге Like» музыкалық шоу болып өтті. Әнге деген қызығушылығы жоғар 12 оқушы өзара сынға түсті. Сайыс қызықты да, тартысқа толы болды. Музыкалық шоуымыздың жеңімпазы 8-топ демалушысы Бейбарыс болды. Әуелеген ән әлемінде алар асуы мен жетер жетістігі көп болсын!

«Чемпион» СМ ойындары

Еңбек етсең ерінбе, жалқаулыққа жеңілме,
Спорт тәннің жемісі түиіп алғын көңілге.
Салауатты өмір салтымен, өзді-өзіңді тәрбиеле,
Ең бастысы айтарым, қанағат қыл күніңе.

Спорттық ойындар адамның ептілігі мен жылдамдығын, төзімділігі мен шапшаңдығын арттырады. Салауатты өмір салтын насихаттайды. Орталықтың дәстүрге айналған негізгі іс-шараларының бірі «Чемпион» СМ ойындары. Балалар жас ерекшеліктеріне қарай топтарға бөлініп өзара жекелей және топтық біріншіліктер бойынша жарысқа түседі.

Қатысушылар белсенді және жігерлі болды. Топпен бірге арқан тартып, ләңгі теуіп, дойбы, тоғызқұмалақ ойнады. Спорттық және ашық ойындар белсенді демалыстың жақсы құралы болып табылады. Екі күнге созылған «Чемпион» СМ ойындары барысында жүзден жүйрік, мыңнан тұлпар атанғандар марапатталды. Жеңіс құтты болсын, Балдәурендіктер!

«HAPPY BIRTHDAY» туған күн иелеріне арналған кеш

Түрлі сыйлықтар, ерекше құттықтаулар бәрі-бәрі осынау төл мереке иелеріне арналады. Дәстүрге айналған бұл іс-шара ерекше көңіл-күйге толы болды. Ән айтылып, би биленді. Ұйымдастырушы-ұстаздарымыз керемет қойылым қойып балаларды қуантты. Туған күн иелерімен бірге ойындар ойналып, сыйлықтар сыйланды. Тәтті торт дайындалып, туған күн иелеріне ұсынылды.

«Ұлытау» би шайқасы

Бүгін орталығымызда "Ұлытау" би шайқасы болып өтті. Топ аралық байқау өте керемет, жоғары деңгейде ұйымдастырылды. Әннің ырғағы, бидің икемділігі, топтың ұйымшылдығы бәрі дәл осы байқауда білінді. Бір-бірінен өнерлі, ұйымшыл ұл-қыздарымыз кештің сәнін кіргізді. 12-топтың ішінен өзінің әсем әнімен, көңілді биімен, сәнді киімімен ерекшеленген 8-топ «Бас жүлдеге» ие болды. Жеңіс құтты болсын балапандар!

2022 жылдың 9-ауысымының жабылу салтанаты

Міне, 15 күнге созылған 9-ауысым да өз мәресіне жетті. Қызыққа толы 15 күнде өте шықты. Балдәурен бізге көптеген мүмкіндіктер береді. Жаңа достар тауып, өзімізді жаңа бір қырымыздан тани білдік.

Құрметті Балдәурендік атанған оқушылар! Әрине өздеріндей өнерлі балалармен қимастықпен қоштасамыз. Сіздер үшін арман аралына айналған – Балдәуреннің есігі әрдайым ашық. Балдәуреннің төрінде сіздерді қашанда күтеміз. Оқушыларға тек қана сәттілік тілейміз! Алар асулары мен жетер жетістіктері көп болсын!

«Балдәурен жүректе!» гала-концерті

Ауысым барысындағы қызыққа толы сәттер, көңілді кештер, түрлі іс-шаралар мен тартысқа толы жарыстар бәрі, бәрі де соңына таяды.

Ендеше соңғы қоштасу кешімізде бақыттың ордасы болған - Балдәуренге айтар алғысымыз шексіз!

Қош бол, Балдәурен, қайта айналып келгенше!
Қоштасып кетеміз біз әр тарапқа,
Мүмкін бұл соңғы жүздесу болмақ па?
Алайда бұл күндерді біз ұмытпаймыз,
Өзінде өткен естеліктерді жүректе құлыптаймыз.

Бас редактор: *Ерназарова Айнұр Шүкірқызы*

baldauren

Мекен-жайы:
Түркістан облысы, Төлеби ауданы,
Нысанбек ауылы, Үшсала көшесі, 32 үй
Телефон: +7 (705) 953 99 28
E-mail& baldauren_2@inbox.ru